

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы (2005 жылғы 1 қыркүйек)

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 75 филиалы мен 77 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» ЖЗҚ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және «БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ» АҚ-ы.

Есепті күнде екінші деңгейдегі 10 банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «ЦентрКредитБанкі» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары жөніндегі салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны тамыз айында 59 575 (0,82%-ке) өсіп, ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 7 299 393 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының ең көп саны 5 қорда болды: “МЖЗҚ” – 31,13%, “Қазақстан Халық Банкі” – 19,06%, “ҰларҮміт” – 14,57%, “Валют-Транзит-қор”- 8,52% және “БТА Құрмет-Қазақстан” – 7,81% немесе олардың үлесіне салымшылардың жалпы санының 81,09% келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың тамыз айында 223 (0,71%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйекте жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 0,44 млрд. теңгені құрап, 31 580 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың шоттары “МЖЗҚ” ЖЗҚ АҚ-нан басқа қорлардың бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мынадай қорларда болды: “Сенім” – 62,56%, “ҰларҮміт”- 19,11% және “Капитал” – 11,27% немесе осы үш қордың үлесіне шоттардың жалпы санының 92,94%-і болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” және “Қазақстан Халық Банкі” қорларында болды. Дербес зейнетақы шоттарында 12,5 млн.теңгесі бар салымшылардың жалпы саны – 3 202-ге жетті. Ағымдағы жылдың тамыз айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары жөніндегі салымшылар шоттарының саны 17 (0,53%-ке) өсті.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) шоттарының санының өсуі, жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.09.04.	01.09.05.	Өсімі	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 642 793	7 299 393	656 600	9,88
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	29 507	31 580	2073	7,03
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	1 359	3 202	1 843	в 2,4 раза

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың тамыз айында 14 783 млн.теңгеге (2,60%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 583 764 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млн.теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсімі	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.09.02 ж.	235 858	80 967	52,27
01.09.03 ж.	328 754	92 896	39,39
01.09.04 ж.	436 065	107 311	32,64
01.09.05 ж.	583 764	147 699	33,87

Көрсетілген кестеде жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Дегенмен, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 2004 жылғы 1 қыркүйекпен салыстырғанда, жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 1,23 проценттік тармаққа ұлғайып 33,87%-ті құрады.

Ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылары) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 149 224 млн. теңге немесе 25,56%, "МЖЗҚ" – 118 522 млн. теңге немесе 20,30%, "ҰларҮміт" – 104 999 млн. теңге немесе 17,99%, "БТА Құрмет-Қазақстан" – 42 789 млн.теңге немесе 7,33% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 41 922 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,18%-і. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 78,36%-і келеді.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс сомасы** (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың тамыз айында 4 616 млн.теңгеге (3,40%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 140 555 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың тамыз айында салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген таза инвестициялық кіріс сомасы, ағымдағы жылдың шілде айында салымшылардың шоттарына бөлінген инвестициялық кірістің сомасынан 1,9 есе көп болғанын атап өту керек.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:


Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	(млн. теңге)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.09.2002 .	66 509	22 755	52,01	28,20
01.09.2003 .	88 137	21 628	32,52	26,81
01.09.2004 .	105 195	17 058	19,35	24,12
01.09.2005 .	140 555	35 360	33,61	24,08

Көрсетілген кестеде таза инвестициялық кірістің өсу қарқынының жыл сайынғы төмендегені байқалады. Бірақ, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны 2004 жылдың 1 қыркүйегімен салыстырғанда 14,26 проценттік тармаққа өсіп, 33,61% болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 қыркүйекте 24,12%-ті құраған еді, ал 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 24,08% болды немесе 0,04 проценттік тармаққа төмендеді. Ағымдағы жылдың тамыз айында үлес 0,19 проценттік тармаққа өсті.

Ағымдағы жылдың тамыз айында зейнетақы жарналарының жалпы түсуі 10 893 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 459 767 млн. теңге болды немесе 2,43%-ке өсті.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын мерзімінде ұстап қалмағандығы мен аудармағандығы үшін ұсталатын өсімпұл сомасы 3 296 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың тамыз айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 108 млн. теңге сомасында өсімпұл аударылды, бұл ағымдағы жылдың шілде айында аударылған өсімпұлдан 1,6 есе көп болды.

Зейнетақы төлемдері ағымдағы жылдың тамыз айында 770 млн.теңгеге (2,41%-ке) өсіп, 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 32 727 млн. теңге болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 қыркүйектегі жинақталған зейнетақы қаражатының аударымдары


88 847 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың тамыз айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 1 569 млн.теңгені құрады.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 53,03%, «ҰларҮміт» - 12,18% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,80% және “БТА Құрмет-Қазақстан” - 6,23% немесе осы төрт қорға аударымдардың жалпы сомасының 81,24%-і келеді.

Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 585 016 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың тамыз айында 15 241 млн. теңгеге ұлғайды немесе 2,67 % болды.

2004 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2005 жылғы 1 қыркүйек аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 13,3 млрд. теңге болды.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЖЗҚ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	в %
"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ” АҚ	50 492	8,63

"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	41 977	7,17
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	8 515	1,46
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	50 647	8,66
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 887	0,32
"Мұнайгаз - ДЕМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	14 968	2,56
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 016	4,28
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	8 776	1,50
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	10 957	1,87
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	10 957	1,87
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	27 702	4,74
"Валют-Транзит Қор" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	27 702	4,74
"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 067	2,58
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 067	2,58
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	105 158	17,98
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ АО	105 158	17,98
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	13 708	2,34
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 708	2,34
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ АО	118 684	20,29
"БТА Құрмет-Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	43 021	7,35
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"	149 580	25,56
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	585 016	100,00

2005 жылғы 1 қыркүйектегі инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 580 141 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы тамыз айында 19 082 млн. теңгеге немесе 1,79 өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	млн. тенге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	214 195	36,92
ҚР еврооблигациялары	4 433	0,76
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	144 431	24,90
Ұлттық Банктің ноттары	65 155	11,23
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	176	0,03
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	94 248	16,25
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	3 708	0,64
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	30 519	5,26
Тазартылған алтын	0	0,00
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	226 576	39,06
акциялар	48 789	8,41
облигациялар, оның ішінде	177 787	30,65
АҚШ долларында номинирленген	7 871	1,36
теңгеге номинирленген	169 916	29,29
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	10 755	1,85
акциялар	6 220	1,07
облигациялар	4 535	0,78
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	140	0,02
жиынтығы	580 141	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерінің елеулі бөлігін алып отыр және 214 195 млн. теңгені құрады немесе 36,92% болды. 2005 жылғы 1 тамызбен салыстырғанда МБҚ көлемі 708 млн. теңгеге немесе 0,33%-ке азайды. 2005 жылғы тамыз айында Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 11 499 млн. теңгеге немесе 5,35%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезеңде 5 529 млн.теңгеге немесе 6,23%-ке өсіп, 94 248 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерін екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада және шетел валютасында салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфельіндегі үлесі 0,64%-ті құрайды. ЖЗҚ-ның жиынтық портфельіндегі шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы тамыз айында 13,67%-ке өсіп, 30 519 млн. теңге болды. Шетел эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,85% болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2002 жылғы тамыздағы – 2005 жылғы тамыздағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2005 жылғы 1 тамызда номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 21,51% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат [www. afn.kz](http://www.afn.kz). Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржы жағдайы

Қорлардың **жиынтық меншік капиталы** 2005 жылы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 11 430,9 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капитал 6 198,9 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 54,2% болды. Есепті айда меншікті капитал 624,2 млн.теңгеге немесе 5,8%-ке өсті.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомада 1 439,2 млн. теңгеде немесе қорлардың меншікті капиталының көлемінің 12,6%-ін жасады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында барлық қорлар, “Д.А. Қонаев атындағы” және “Капитал” қорларын қоспағанда, жалпы сомасы 3 126,6 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”- 40,0%, “МЗЖҚ” - 17,3%, “Құрмет-Қазақстан БТА” - 13,9% “Ұлар Үміт” - 11,5% алды, немесе осы төрт қорға қорлардың жалпы кірісінің 84,2%-і келіп отыр.

2005 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша меншікті активтер есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 8 559,5 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 74,9%-ін құрады. Ағымдағы жылдың тамыз айында қаржы инвестицияларының көлемі 240,4 млн.теңге немесе 2,9%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 243,8 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 37,9%-і),

мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 3 139,1 млн.теңгеге (инвестициялардың жалпы көлемінің 36,7%-ін), инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 2 176,3 млн. теңге немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 25,4%-ін орналастырды.